# ПРОПОРЦИЯНЫ ПАЙДАЛАНЫП ПАЙЫЗДАРДЫ ЕСЕПТЕУ

**Санның процентін табу** үшін, сол санды 100-ге бөліп, қажет процентке көбейту керек. Басқаша: пропорцияны пайдаланып пайыздарды есептеуге болады.

**МЫСАЛ.**

**1)** 200-дің 120% табамыз.

$$200 - 100\%$$
$$x \ - \ 120\%$$
$$x = \frac{200}{100} \cdot 120\% = 2 \cdot 120\% = 240\%.$$

**2)** 97-нің 30% табамыз

$$97 - 100\%$$
$$x \ - \ 30\%$$
$$x = \frac{97}{100} \cdot 30\% = \frac{97 \cdot 3\%}{10} = \frac{291\%}{10} = 29{,}1\%.$$

**3)** 0,5-тің 50% табамыз

$$0{,}5 - 100\%$$
$$x \ - \ 50\%$$
$$x = \frac{0{,}5 \cdot 50\%}{100} = \frac{25\%}{100} = 0{,}25\%.$$

**4)** Оқушы 11 бөлімнен тұратын математика пәні бойынша курстан өтеді. Ол 7 бөлімін аяқтады. Барлық курстың қанша пайызын білім алушы меңгерді

$$11 - 100\%$$
$$7 \ - \ x\%$$
$$x\% = \frac{7 \cdot 100\%}{11} = 63\%.$$

**Ондық бөлшекті пайызға түрлендіру** қажет болса, онда бөлшекті 100-ге көбейтіп, % белгісін қосамыз.

**МЫСАЛ.**

**1)** $0{,}18 = 0{,}18 \cdot 100\% = 18\%;$

**2)** $0{,}2 = 0{,}2 \cdot 100\% = 20\%;$

**3)** $73{,}2 = 73{,}2 \cdot 100\% = 732\%.$

**Пайыз бойынша санды табу** Екі санның пайыздық қатынасын табу үшін**,** бірінші санды екінші санға бөліп**,** нәтижені 100-ге көбейту керек.

**МЫСАЛ.**

**1)** 52 саны 400 санының неше пайызын құрайды?

$$400 - 100\%$$
$$52 \quad - \quad x\%$$
$$x\% = \frac{52 \cdot 100\%}{400} = \frac{52 \cdot 1\%}{4} = 13\%.$$

**2)** Дүкенде жеңілдік болған жағдайда 3900 теңге туратын спорттық футболка 546 теңгеге арзан сатылады. Футболкаға неше пайыз жеңілдік жасалынды?

$$3900 - 100\%$$
$$546 - x\%$$
$$x = \frac{546 \cdot 100\%}{3900} = 14\%.$$